

**ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ӨНЕР КӨРСЕТТІ**

4-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ




**АТЫ АРЫСТАН, ТІРЛІГІ ШЕ?**

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



**ӘН ТАРИХЫ ТУДЫРҒАН ТУЫНДЫ**

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

*Ұл тәрбиелей отырып, халықты тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз.*

**Мұхтар ӘУЕЗОВ**

№45 (4789)
Сенбі
19 сәуір
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

# ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛДЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Елорда шежіресі 35 жыл

Сұлтан СЕЙІТ




Елорданың жаңа ауданы – Сарайшықта құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Бүгінгі таңда аудан аумағында 75 көпқабатты тұрғын үй және 7 мектеп салынып жатыр. Сондай-ақ емхана салу, тұрғын алаптарды орталық су жүйесіне қосу жоспарланған. Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек тұрғындармен есептік кездесу барысында ауданды дамыту бойынша атқарылатын жұмыстарды айқындады.

# ЖАҢА АУДАННЫҢ МАҚСАТЫ АЙҚЫН

3

## ЖЕҢІС БАТЫРЛАРЫНА АРНАДЫ

Қорғаныс министрлігінің әскери қызметшісі Тимур Ержанов Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай 80 шақырымдық марафон жүгірді. Желаяқ бұл шараны майданда қаза тапқан батырлар мен көзі тірі ардагерлерге арнады.

Тимур Ержанов – «Астана» өңірлік қолбасшылығы 31775 әскери бөлімі 1-мотоатқыштар ротасының старшинасы, 3-сыныпты сержант. Ол Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Шешенқара кентінен өзінің әскери бөліміне дейін жүгіріп келген.

Әскери қызметші Жеңістің 80 жылдығына арналған марафонды 7 сағат 21 минут 11 секундта жүгіріп өтті.

– Мен ұзақ уақыттан бері жүгірумен айналысамын, марафондарға да жиі қатысып тұрамын. Биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай символдық қашықтықты жүгіруге бел будым. Сол арқылы майданда қаза тапқандар мен ардагерлерге құрмет көрсеткім келді. Бөлім басшылығына және командаға қолдауы үшін рақмет айтамын! – дейді әскери марафоншы.



Бас қалада тағы бір жаңа GreenLine жаяу жүргіншілер желекжолы пайда болады. Ол «Хан Шатыр» сауда-ойын-сауық орталығынан басталып, Ш.Айтматов көшесі бағытында орналасады.

Бірінші кезеңде жоба Күлтегін көшесінен Әнет баба көшесі мен Әйтеке би желекжолына дейінгі учаскеде, Sat City тұрғын үй алабы маңында жүзеге асады.

«Басты мақсат – жасыл, ыңғайлы және заманауи желекжол салу. Бағдар бойымен жаяу жүргіншілер променады ұйымдастырылып, көгалдандыру, табиғи элементтер мен қалалық орта сапасына басымдық беріледі» делінген қалалық Урбанистика орталығының хабарламасында.

GreenLine желекжолы бойында ойын және спорт алаңдары, жүгіру және велосипед жолдары, көлеңкелі саяжолдар мен тынығу аймақтары салынады.




19-20 СӘУІР
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

10:00-ден 22:00-ге дейін Нұрғиса Тілендиев даңғылы, 12а мекенжайындағы «Koktal» сауда-ойын-сауық орталығында өтеді.





# КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ ӨҢІР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен Маңғыстау облысына барды. Президент сапар барысында бірқатар нысанның қызметімен танысып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінде кеңес өткізді.

### САУДА-ТАРАТУ ОРТАЛЫҒЫН АРАЛАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Маңғыстау облысына жұмыс сапары Ақтау қаласындағы көтерме сауда-тарату орталығының жұмысымен танысудан басталды. Мемлекет басшысына азық-түлік қауіпсіздігін сақтайтын мұндай нысанның аймақта алғаш рет салынғаны жөнінде баяндалды. Аталған орталық өңірді азық-түлікпен қамтамасыз ету, тұтынушылармен арадағы делдалдарды азайту және өнім бағасын төмендету мақсатында бой көтерген. Аумағы 80 мың шаршы метр болатын кешенде 40 мың тонна өнім сақтауға болады. Жобаны жүзеге асыруға 5 миллиард теңге инвестиция тартылған. Жыл соңына дейін орталықтың екінші кезеңін іске қосу жоспарланған. Қазіргі кезде өнім жеткізумен айналысатын отандық ірі кәсіпкерлермен келісімшарт жасау жұмыстары белсенді түрде жүргізіліп жатыр.

### YESSENOV TECHNOPARK ҚЫЗМЕТІМЕН ТАНЫСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Шахмардан Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің аумағында орналасқан технология паркінің жұмысымен танысты. Президентке технопарктің заманауи инфрақұрылыммен жасақталғаны жөнінде айтылды. Мұның бәрі стартаптар мен жобалар әзірлеумен айналысатын кәсіпкерлерді, студенттерді, сондай-ақ оқушыларды қолдауға арналған. Мемлекет басшысына инновациялық зертханалар мен шеберханалар таныстырылды. Онда студенттер мен жас мамандар электроника, роботты техника, лазермен кесу, ағаш және металл өңдеу, полиграфия, 3D-дизайн, тігіншілік дағдыларын меңгереді. Президент халықаралық бағдарлама бойынша IT-мамандарды даярлайтын оқу аймағын және цифрлық әрі телекоммуникациялық құзыреттерді дамытуға бағытталған зертхананы аралап көрді.

Қасым-Жомарт Тоқаев студенттермен әңгімелесу барысында қазір жаңа технологиялар мен жасанды интеллект бағыттарын дамыту өзекті болып отырғанын жеткізді. Президенттің айтуынша, елімізде көлік-логистика саласының білікті мамандарына сұраныс жоғары. Мемлекет басшысы жастарды келешектің кепілі саналатын сапалы білім алуға шақырды.

### BS ARENA СПОРТ КЕШЕНІНЕ БАРДЫ

Президент көпфункционалды спорт кешенінің қызметімен танысты. Заманауи құрылғылармен жабдықталған нысанда халықаралық және республикалық спорт жарыстарын, сондай-ақ мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізуге болады. Мұнда волейбол, баскетбол алаңқайлары, футзал, жабық және ашық теннис корттары, бассейн, жекпе-жек түрлері мен фитнеске арналған залдар, сондай-ақ футбол алаңы бар. Қасым-Жомарт Тоқаев жергілікті спортшылармен әңгімелесіп, оларға сәттілік тіледі.



### КӨЛІК-ЛОГИСТИКА ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫМЕН ТАНЫСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның транзиттік әлеуетін дамытуда маңызды рөлге ие басты логистикалық хабтың бірі – Ақтау халықаралық теңіз портына барды. Бүгінде аталған нысандағы көпмақсатты заманауи терминал Шығыс – Батыс, Солтүстік – Оңтүстік бағыттары бойынша тәулік бойы жүк тиеу мен түсіру қызметін ұсынады. Порттың халықаралық көлік дәліздерінің тоғысында орналасуы ұлттық және өңірлік логистиканы нығайтуда айрықша стратегиялық мәнін көрсетеді.

Президентке Маңғыстау облысының көлік-логистика инфрақұрылымын дамыту перспективасы, соның ішінде еліміздің транзиттік әлеуетін кеңейту және порт қуатын жаңғырту жоспарлары жөнінде баяндалды. Көлік министрі Марат Қарабаев өңірде жалпы құны 1,9 триллион теңге болатын 24 инфрақұрылымдық жобаның жүзеге асырылып жатқанын айтты. Былтыр Транскаспий халықаралық көлік дәлізі бойынша жүк тасымалы 62 пайызға өсіп, 4,5 миллион тоннаға жеткен. Аталған бағытпен 358 контейнерлік пойыз, 27 мың автокөлік жүк тасымалдаған. Экспорт көлемі 3,2 миллион тоннаны құраған. 2028 жылға дейін бұл көрсеткішті 10 миллион тоннаға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Ақтауда контейнерлік хаб салынып жатыр. Бұл жоба порттың жүк өткізу қабілетін 140 мыңнан 240 мың ЖФЭ-ге дейін ұлғайтады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Кендірлі курорты аймағында жаңа әуежайдың құрылысы басталды. Әуежай сағатына 150 жолаушыны қабылдай алады. Кендірліні Алматы және Астана қалаларымен жалғайтын тұрақты әуе рейстерін ашу жоспарланған.

Бұдан бөлек, Орталық – Батыс және Бейнеу – Сексеуіл секілді ауқымды жол құрылысы жобаларын жүзеге асыру көзделген. Соның нәтижесінде басты бағыттардағы логистиканы оңтайландырып, транзит және экспорт жүктерін тасымалдау шығындарын едәуір азайтуға мүмкіндік туады. Атап айтқанда, Астанадан Ақтауға дейінгі жол 800 шақырымға, ал Қорғастан Ақтауға дейінгі арақашықтық 900 шақырымға қысқарады. Мемлекет басшысы Кендірлі курорты аумағындағы әуежай құрылысын тезірек аяқтауды тапсырды. Президенттің айтуынша, Қазақстанды Еуразияның көлік-логистика хабына айналдыру жолында Маңғыстаудың алатын орны ерекше. Сондықтан оның әлеуетін тиімді пайдалану қажет. Өйткені бұл міндеттің стратегиялық маңызы зор.

# НӘРЕСТЕ МЕН АНА ӨЛІМІ АЗАЙДЫ

Үкімет Денсаулық сақтау министрлігі арқылы аналар мен жаңа туған нәрестелерге медицина көмегін көрсету сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асырып келеді. Босандыру қызметі мамандарының білікті әрі үйлесімді жұмысының нәтижесінде 2024 жылы 367 мың әйел сәтті босанды. Перинаталды скринингпен қамту 90%-ды құрады.

Жаңа медицина технологияларын енгізу және хаттамаларды жетілдіру неонаталды өлім-жітімді 19%-ға төмендетуге, сондай-ақ соңғы 10 жылда нәрестелердің шетінеп кетуін 8,3%-ға және ана өлімін 12%-ға азайтуға мүмкіндік берді. Туа біткен ақауларды ерте анықтау үлесі 10%-ға өсті.

Генетикалық аурулар мен туа біткен ақауларды ерте анықтау мақсатында 15 перинаталды орталықта «Бір күндік клиникалар» ашылды. Бүгінгі таңда 50 мыңнан астам жүкті әйел тексеруден өтті. Нәтижесінде 7 мыңнан астам әйелде ұрықтың дамуындағы ақаулар анықталды. Перинаталды орталықтар базасында «Ұрық медицинасы» жобасы да жүзеге асуда, оның шеңберінде 37 жатырішілік ота жасалды.

Жастар мен бала тууға қабілетті жастағы әйелдердің репродуктивті денсаулығын сақтау мақсатында арнайы іске қосылған «Аналар саулығы» бағдарламасы шеңберінде жүктілікті жоспарлаған әрбір әйел денсаулық жағдайын анықтау үшін медицина тексеруінен өтуіне мүмкіндік жасалды. Акушерлік-гинекологиялық көмектің 25 клиникалық хаттамасы өзектендірілді.

Акушерлік салада инновациялық технологиялардың үш түрі енгізілді. Мамандардың білігін арттыру шеңберінде 2 мыңнан астам акушер-гинеколог, 400 реаниматолог оқытылды және 100 үйлестіруші даярланды. Босандыру, ана мен балаға көрсетілер қызметті дамытумен қатар, мемлекеттің жүйелі күш-жігері амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді жетілдіруге бағытталған. Денсаулық сақтау министрлігі халықтың сапалы және қауіпсіз дәрілік заттарға үздіксіз қол жеткізуі үшін бірқатар қадам қабылдады. 2024 жылдың қорытындысы бойынша 2,9 млн науқас тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілді. Дәрі-дәрмектерді тиімді пайдалану үшін стационарларда 78 госпитальдық фармация бөлімшесі ашылды.

# ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Президенттер Қазақстан мен Ресейдің көпжақты ынтымақтастығы дәйекті түрде дамып келе жатқанын атап өтіп, бұған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтардың орындалу барысын талқылады. Бұдан бөлек, энергетика саласындағы ықпалдастыққа назар аударылды. Тараптар халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасып, алдағы кездесулердің кестесін қарастырды.

# ЮНЕСКО ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗІЛДІ

Президентіміздің тағы бір бастамасы жүзеге асырылды. «Хандар шежіресі» қолжазбасы ЮНЕСКО-ның халықаралық «Әлем жады» тізіміне енгізілді. Бұл туралы ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында еліміздің деректі мұраларын сақтау бағытындағы жұмысты жандандыруға қатысты нақты тапсырма берген болатын. «Хандар шежіресі» қолжазбасы – XVIII ғасырда жазылған, ұзындығы 3 метрден асатын бүктеме қағаз түріндегі құжат. ЮНЕСКО мойындаған бұл бірегей артефакт Қазақ елін басқарған хандардың шежіресі бай екенін аңғартады. Сонымен қатар VI-XIX ғасырларда өмір сүрген тарихи тұлғалардың шығу тегін және олардың өзге халықтармен қалай байланыс орнатқанын түсінуге мүмкіндік береді. Бұған дейін ЮНЕСКО тізіміне Қожа Ахмет Яссауидің қолжазбалары, «Невада-Семей» халықаралық антиядролық қозғалысы туралы мұрағат материалдары, сондай-ақ Арал теңізінің мұрағат қоры енгізілген болатын» деп жазды Е.Қарин.





Ержан ҚОЖАС

# САРАЙШЫҚ: ЖАҢА АУДАН ДАМУ ЖОЛЫНДА

Бейсенбіде Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек былтыр ғана құрылған Сарайшық ауданында есептік кездесуін өткізіп, тұрғындар көкейіндегі сауалдарға жауап берді. №91 мектеп-гимназияға жиылғандардың ұсыныстарын тыңдап, айтылған мәселелер бойынша көпшіліктің ойын білді. Сонымен қатар, Сарайшық ауданының әкімі Мақсат Саматұлы өткен жылы атқарылған жұмыстар жайында баяндама жасады. Соның ішінде құрылыс, жол жөндеу, абаттандыру, нысандарды қалпына келтіру, көгалдандыру, жарықтандыру және өзге де жұмыстар айтылды.

### АЛДА АТҚАРАР МІНДЕТ КӨП

Сарайшық – елордадағы жаңа аудан. Былтыр мамыр айында Астана қаласы мәслихатының бірлескен шешімімен және қала әкімдігінің қаулысымен құрылды. Ал аудан аппараты өткен жылдың қараша айында жұмысын бастады. Аудан шекарасына «Мыңжылдық» аллеясы, «Отау» шағын ауданы және Промышленный, Интернациональный, Мичурин, Күйгенжар тұрғын алаптары кіреді. Бұдан басқа, ауданда халықаралық, республикалық шаралар өтетін елдің басты алаңы орналасқан.

– Ауданда орналасқан саябақтарда тротуар салынып, ағаш отырғызылып, ойын және спорт алаңдары орнатылып, қайта құру жұмыстары басталды. Ауқымды жұмыстар биыл да жалғасады. Саябақтардан басқа, бөлінген қаражатқа 3 қоғамдық кеңістікті абаттандыруды жоспарлап отырмыз. Жалпы біз жүргізіп жатқан жұмыстардың үлкен үлесі абаттандыруға тиесілі. Аудан аумағында 200-ден астам аула бар, өткен жылы 18-і абаттандырылды. Тағы 50-ден астам ауланы абаттандыру қажет. Осы жылы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасымен аулаларды кешенді абаттандыруды жоспарлап отырмыз. Дауыс беру арқылы 36 жобаның ішінен 15 аула іріктеліп, мамырда жұмыс басталады. Сондай-ақ ауданда 3 саябақ, 6 гүлзар мен қоғамдық кеңістік, 70 мыңға жуық ағаш, 9 мыңнан астам бұта, шамамен 2,1 млн шаршы метр көгал бар. Биыл 15 мыңнан астам ағаш отырғызылмақ. Ұлы дала даңғылы, С.Нұрмағамбетов көшесі, «Бейбітшілік және келісім» саябағында жалпықалалық сенбілікте тал отырғызуға дайындық жүруде, – дейді аудан әкімі.

Мақсат Саматұлының айтуынша, Сарайшық ауданы биыл толық жарықтандырылады. Мысалы, осы жылы 10 көшеге осындай жұмыстар қосымша жүреді.

### 75 ҮЙ, 7 МЕКТЕП ЖӘНЕ...

Сарайшық ауданы – елорданың құрылыс жақсы дамып келе жатқан аумағы. Мұнда медицина, спорт нысандары, мектептер, сауда орталықтары, түрлі нысандар, тұрғын үй кешендері және әкімшілік ғимараттар салынуда. Олардың әрқайсысын қолданысқа беру қала экономикасына және жұмыс орындарын құруға мол үлес болатыны анық.

– Ауданда 75 көпқабатты тұрғын үй кешенінің құрылысы жүруде. Жыл соңына дейін жалпы ауданы 1471596 текше метр болатын 44 көпқабатты тұрғын үй кешенін пайдалануға беру жоспарлануда. Ш.Қалдаяқов көшесінде, LRT желісі бойында егжей-тегжейлі жоспарлау жоспарына сәйкес, көппәтерлі тұрғын үй кешендерінің құрылысы көзделген. Тәуелсіздік даңғылынан «Нұрлы жол» вокзалына дейінгі учаскеде 53 жер учаскесі орналасқан, оның 18-і қолданысқа берілген. Бүгінде елорданың егжей-тегжейлі жоспарына 9 түзету енгізілді. Тұрғын үй кешендері мен бизнес-орталықтардың жер учаскелерінің нысаналы мақсаттары 2 гүлзар мен 7 әлеуметтік нысанға өзгертілді. Сонымен қатар, ауданда 17 мемлекеттік және 2 жекеменшік мектеп жұмыс істейді, онда 40 мыңнан астам оқушы оқиды. Ал биыл ауданда бір ауысымда 7 мың орынға арналған 7 білім беру нысанының құрылысы жүруде. Жоспар бойынша 18 мектептің құрылысы қарастырылған. Одан басқа, осы жылы тұрғындар үшін «Отау» шағын ауданында емхана салу және 20 мыңнан астам адам тұратын Интернациональный, Мичурин тұрғын алаптарын орталық су жүйесіне қосу жоспарлануда, – деді ол.

Аудан әкімі өз баяндамасында 140 аялдама кешені, оның ішінде 29 жылы павильон барын айтты. Оның сөзінше, тұрғындардың сұранысымен «Мыңжылдық» аллеясына 10 жылы аялдама павильоны орнатылған. Биыл да жабық үлгідегі 10 павильон орнатылады.

– Басты назарда – аудан тазалығы. Бұған 200-ден астам техника мен 600 жол жұмысшысы жұмылдырылған. Қыстан соң ауданды ретке келтіру бойынша жұмыс басталып, оның ішінде тротуарларды, қоршауларды, жарықтандыру тіректерін, аялдама кешендерін жөндеп, көпірлерді жуып, бұзылған нысандарды жөндеу, қалпына келтіру жұмыстары жүруде. Біз әрқашан кері байланысқа, ұсыныстар мен талқылауларға ашықпыз, мысалы, жарты жылда тұрғындардың 5 мыңнан астам өтініші қаралып, 50 жиналыс және халықпен кездесу, 10 жеке қабылдау өтті. Өздеріңіз білетіндей, Мемлекет басшысының бастамасымен қалада «Таза Қазақстан» республикалық экология акциясы жүруде. Келесі аптада, яғни 26 сәуір күні жалпықалалық сенбілік өтпек. Осыған орай, ауданның әр тұрғынын акцияға қатысуға шақырамын, – деді баяндама соңында аудан басшысы.

### МӘСЕЛЕ ТҮЙІНІ ТИЯНАҚТЫ ТАРҚАТЫЛСА...

Аудан әкімінің баяндамасынан кейін мектеп залында үш микрофон қосылып, тұрғындардың сұрақтарына қала әкімі Жеңіс Қасымбек жауап берді. Жалпы көтерілген мәселелердің дені – тұрғын үй кезегі, коммуналдық-шаруашылық және әлеуметтік сұрақтар. Сондай-ақ Сарайшық ауданына қарасты инженерлік-инфрақұрылымдық жобалар, білім мен денсаулық, қоғамдық көлік, газдандыру саласының түйткілді мәселелері сөз болды.

Қатысушылардың бірі «Айбике» тұрғын үй кешенінде тұратын тұрғындар үшін аялдама қажет екенін айтты. Әсіресе бұл мәселе қыс айында өзекті болып отыр. Бұған қоса, аталған тұрғын үйдегілер «Белес» құрылыс компаниясына да өкпесін жеткізді. Бұл серіктестік тұрғын үйді салу кезінде қажетті өрт қауіпсіздігі нормативтерін сақтамағанға ұқсайды.

– Бірінші сұрақ бойынша аудан басшысына тапсырма берілді. Мұның шешімі жоқ емес. Ал екінші мәселеге қатысты төтеншеліктер тексеріс жүргізгені дұрыс. Ал «Белес» компаниясымен бүгін менің орынбасарым кездеседі. Егер сіз айтқандай, мәселе толық анықталса, ол компания барлығын қалпына келтіруі тиіс, – деп жауап берді өз кезегінде Жеңіс Қасымбек.



Сұлтан СЕЙІТ

Бұдан соң аудан тұрғындары тарапынан салынған тұрғын үйлердің ішкі аумағына қатысты заңсыз өзгерістерді, электр қондырғыларының жөнсіз қойылуы, қоқыс жәшіктерінің дұрыс орналаспауы, су мен кәріз жүйесі айтылды. Сондай мәселенің бірі – «Отау» мөлтек ауданында «Жайлы мектеп» жанынан жолдан өту қауіпсіздігі және автотұрақ салу.

– «Отау» мөлтек ауданындағы «Жайлы мектеп» жанындағы жолдан өту қауіпсіздігі туралы мәселе өте орынды. Алдағы екі айда ауданда «Сергек» камералары орнатылып, аудан әкімдігі тарапынан қауіпсіздікке қатысты бұл мәселе шешіледі. Екінші – автотұрақ жайлы айтсақ, жалпы «Отау» мөлтек ауданында осы мәселе күрделі. Жабық автотұрақ атымен жоқ, ашық автотұрақтар тым аз. Алдағы уақытта тамыз айында шығатын Бас жоспарға елордадағы автотұрақтарды көбейтуді енгіздік. Жалпы ауданның инженерлік-инфрақұрылымдық жұмыстары назардан тыс қалмайды, – деді қала әкімі.

### АЙНАЛАҢ ТАЗА БОЛСЫН...

Сарайшық ауданында құрылыс қарқыны қатты. Бірақ жүріп жатқан құрылыс алаңдарындағы кейбір жұмыстар баяулап тұр әрі кейбір жұмыстардың сол маңда тұратын тұрғындарға да қаупі болуы мүмкін. Аталған мәселеге қатысты Жеңіс Махмудұлы аудан әкіміне тапсырма беріп, құрылысқа қатысты мәселені өз бақылауында ұстайтынын жеткізді.

Жиында ономастика мен көше атаулары жайы да, сондай-ақ аудандағы кейбір тұрғын үй иелерінің тұрақты есепке тіркеу сияқты жұмыстардың атқарылуы жөнінде де мәселелер талқыланды. Сонымен қатар, тұрғындардың бірі Ж.Нәжімеденов көшесі бойындағы құрылыс кесірінен бір шақырымға жуық бүлінген жол мен сол маңайдағы су айдындарына заңсыз тасталып жатқан қоқыстарға қатысты сұрақ қойды. Бұған аудан басшысы Мақсат Саматұлы «Қоқыс мәселесіне келсек, біз осы кезге дейін полиция қызметкерлерімен бірлесіп, бірнеше рейд өткіздік. Заңсыз қоқыс тастаған көптеген көлікті ұстадық. Бұл жұмыстар тоқтамайды» десе, қала әкімі Жеңіс Қасымбек былтыр ғарыш-мониторинг нәтижесі бойынша 400-ден астам заңсыз қоқыс орны анықталғанын, оның 85 пайыздан астамы жойылғанын айтты. Ал қалғандары мамыр айының соңына дейін тазартылмақ. Бүлінген жолды қайта қалпына келтіруге салалық басқарма басшысы өз уәдесін берді.

Көтерілген мәселенің тағы бірі – жастар жайы. Аудан шеткі аймақта орналасқандықтан, мұнда синтетикалық есірткі жарнамасы көптеп кездеседі. Ал осында тұратын ата-аналар балалары үшін бұған алаңдайтынын жеткізді. Екіншіден, көшелерді әлі де жарықтандыру мәселесі сөз болды. Сондай-ақ үш ауысымдық мектеп, ыстық тамақ, интернет нашарлығы, балабақшадағы ұзын-сонар кезек әрі оған қатысты ваучерлік жобаның кейбір әлсіз тұстары да айтылмай қалмады. Соңғы мәселеге қатысты Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазиев қосымша түсіндіру жұмыстарын жүргізетінін жеткізді.

– Айтылған мәселелердің барлығы тексеріледі. Былтыр 8 үш ауысымдық мектеп болды. Сондай-ақ 24 мектепті іске қостық. Ал биыл 15 мектеп пайдалануға берілмек. Жалпы жыл соңына дейін үш ауысыммен оқыту мәселесі шешіледі, – деді кездесуде елорда әкімі.

### ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР – НЫСАНАДА

5 сағатқа созылған кездесуде Жеңіс Қасымбек аудан басшысы Мақсат Саматұлына айтылған әр түйінді мәселемен тиянақты жұмыс жүргізуді тапсырды. Сондай-ақ ұсыныстар мен сұрақтар бойынша тиісті салалық басқарма басшыларына тапсырмалар жүктеді. Ал артынша шаһар басшысы өзінің Facebook, Instagram әлеуметтік желі парақшасында Сарайшықта көтерілген мәселелердің шешімі табылатынын жазды.

«...Біз үшін аудандарды әлеуметтік нысандардың құрылысын назарға ала отырып дамыту өте маңызды. Мәселен, Сарайшық ауданындағы 9 учаскеде тұрғын үй кешені мен бизнес-орталықтардың мақсатын әлеуметтік нысандарға (мектеп, балабақша, спорт және медицина нысандары, гүлзарлар) ауыстырдық. Қазір бұл ауданда тағы 7 мектептің құрылысы жүріп жатыр, сондай-ақ биыл «Отау» шағын ауданында емхана құрылысы жоспарлануда. Сол сияқты газдандыру, көше жарығын жүргізу, аялдамалар орнату және т. б. жұмыстар жүргізіліп жатыр. Биыл қалада аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді (саябақтар, гүлзарлар, желекжолдар) абаттандыру, көгалдандыру, сондай-ақ жол жөндеу бойынша ауқымды жұмыс бар. Аталғанның барлығы Сарайшық ауданында да жүргізіледі. Көтерілген мәселелерді шешу жұмысы қолға алынды. Біз оларды қысқа, орта және ұзақ мерзімді деп бөлеміз. Мұндай кездесулер қаланың барлық ауданында өтеді» деді шаһар басшысы.

Қорыта айтсақ, құрылғанына бір жыл енді толатын әрі жас аудан – Сарайшықта мәселе жоқ дей алмаспыз. Бірақ уақыт өткен сайын аумағын кеңейтіп жатқан аудан болашақта өз даму деңгейін арттыра беретіні сөзсіз.

# БЮДЖЕТ ҚАРЖЫСЫ ҚАЛАЙ БАҚЫЛАНАДЫ?

Елорданың Байқоңыр ауданында өткен мәслихаттың көшпелі отырысы барысында депутаттар бюджет қаражатының тиімді пайдалануын бақылау шеңберінде мәселе қозғады.



Аудан әкімі Талғат Рахманберді проблемалық мәселелер мен әлеуметтік-экономикалық даму жөнінде кеңейтілген баяндама жасады. Бейнеслайдтар негізгі төрт бюджеттік бағдарлама бойынша түсініктеме құралы бола білді.

Байқоңыр ауданынан сайланған депутаттар Қанат Естек, Салтанат Женалаева және Ләззат Разбекова кезек-кезек өз сайлау округтерінің проблемасын көтерді.

Аудан әкімі және қала әкімдігінің мүдделі басқармалары мен мекемелері сауалдарына қатысты тұрғын үйлердің қасбеттерін жөндеу, ескі үйлерді сүру, округтерді абаттандыру сияқты мәселелер бойынша тиісті жауаптар берілді.

Депутаттар қабылдаған 2035 жылға дейінгі Бас жоспарға сәйкес, Байқоңыр ауданының реновациясына арналған жалпы аумақ 297 гектарды құрайды. Бұл процесті жүзеге асыру үшін инвесторларға 23 жер учаскесі бөлінген. Жақын уақытта бұл аумақта емханалар, медицина орталықтары, мектеп оқушыларына арналған аулалар, тұрғын үй кешендері, мектептер, скверлер және басқа да әлеуметтік нысандар салынады.

Өз тарапымнан біраз ұсыныс айттым. Біріншіден, 2025 жылғы бөлінген лимитті үнемдеу қажет екенін ескерттім. Әр бағдарлама бойынша резервтерін атап өттім. Екіншіден, екінші нақтылауға көп үміт артпау керектігін де айттым. Себебі бюджеттің артық түсімдері жылдағыдай бола қоймас деген эксперттердің пікірі бар. Үшіншіден, абаттандырудың әр тармағы – аулалар, қоғамдық кеңістіктер және т. б. бойынша қалған мөлшерді есептеп шығаруды ұсындым.

**Кендебай АДАМБЕК,**
**қалалық мәслихат депутаты**



# АУДАН ӘКІМІ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Бас қалада ҚР Президенті Әкімшілігінің және қалалық мәслихат депутаттарының келісімі бойынша, меритократия қағидатына сәйкес, Сарыарқа ауданының әкімі тағайындалды. Ол «Астана қаласы әкімінің аппараты» ММ басшысының экс-орынбасары Жанасыл Шаукентаев болды.



Жанасыл Шаукентаев 2014 жылдың қараша айынан бастап Астана қаласының әкімдігінде қаланың Жер қатынастары басқармасы, қала әкімінің аппараты, қаланың Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы және т. б. құрылымдарда түрлі лауазымды қызмет атқарды. Соңғы жылдары «Астана қаласы әкімінің аппараты» ММ мемлекеттік-құқықтық бөлімінің басшысы, «Астана қаласы әкімінің аппараты» ММ басшысының орынбасары лауазымдарын атқарды.

Мемлекет басшысының тапсырмалары аясында Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек аудан мен елді мекендерді дамыту бойынша жаңа басшыға бірқатар міндет жүктеді.

# ЕҢБЕГІ ЖАНҒАН АРУЛАР

Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен Қазақстанның іскер әйелдер қауымдастығы «Еңбегі жанған арулар» атты жұмыскер әйелдер конференциясын ұйымдастырды.



Әйел-аналардың мәртебесін көтеру, олардың қоғамдағы белсенділігін арттыру және кәсіпкерлікті қолдау мақсатында өткен іс-шараға ел экономикасына ғана емес, қоғам дамуына белсенді үлес қосып жүрген еңбеккер әйелдер қатысты. Оны Қазақстанның іскер әйелдер қауымдастығының президенті Раушан Сәрсембаева құттықтау сөзбен ашты.

– Еліміздегі Іскер әйелдер қауымдастығы әйелдер кәсіпкерлігіне толықтай қолдау көрсету және дамыту үшін саясаткерлер, ғалымдар, білім беру және денсаулық сақтау, бизнес пен үкіметтік емес ұйымдар қызметкерлерінің қатарынан табысты әйелдердің әлеуетін нығайту мақсатында құрылып, нәтижелі қызмет атқарып келеді. Мемлекет басшысының Бастамасымен 2025 жыл Жұмысшы мамандықтары жылы болып жарияланды және бұл конференция да жұмысшы әйелдердің құрметіне өтуде. Біздің басты мақсатымыз – олардың еңбегін бағалау және құрметтеу. Осы іс-шараны дайындауға қатысқандардың барлығына алғыс айтамын. Әйелдер нағыз жұмысшылар, әсіресе шағын және орта бизнесті басқарып жүргендердің жартысына жуығы – нәзік жандар. Жұмыс істейтін әйелдердің мәртебесін көтеру, тепе-теңдікті құру және олардың белсенді қатысуымен негізгі салаларды дамыту – біздің миссиямыз, – деді ол.

Бұдан әрі Астана қаласының әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясаты жөніндегі комиссиясы төрағасының орынбасары Назгүл Мақжан сөз сөйлеп, әйелдердің саяси көшбасшылық мектебі туралы баяндады. Айтуынша, бүгінде қыз-келіншектер өмірдің барлық саласына қатысты жаңа перспективалы мамандықтарды игеруде, өкілетті және атқарушы билік органдарында маңызды қызметтер атқаруда. Шаруашылықтың барлық саласында еңбек етіп жүрген жандар күнделікті, бірақ аса маңызды жұмыстарды орындай отырып, Қазақстан экономикасына зор үлес қосуда, бірақ оның еленбей қалатын тұсы көп. Айтуынша, қазіргі таңда Қазақстанда халықтың жаңа категориясы – кәсіпкер әйелдер қалыптасты. Шағын және орта бизнеспен айналысатын әйелдердің үлесі 52%-ға дейін өсті. Жалпы ішкі өнімнің қалыптасуында әйелдердің үлесі 40%, ал Астана қаласында шағын және орта бизнестегі әйелдердің үлесі 42% құрайды.

Іс-шара аясында конференцияға қатысушылар Іскер әйелдер қауымдастығы мүшелерінің қызметі туралы бейнероликті көруге мүмкіндік алды. Сондай-ақ Астанада әйелдер қозғалысының дамуына елеулі үлес қосқан үздіктер алғыс хатпен марапатталды.

# ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ӨНЕР КӨРСЕТТІ

Астана қаласы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының көркем өнерпаздары елордамыздан 100 шақырымдай қашықтықта орналасқан Ақкөл қаласының тұрғындарымен кездесіп, өз өнерін көрсетті.




Ақмола облысына қарасты Ақкөл қаласы – алғашқы «ақылды» қалалардың бірі, 15 мыңнан астам тұрғыны бар қаланың инфрақұрылымы түгелдей цифрландырылған.

Кездесу барысында елордалық Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының директоры Мұхтар Еркетаев осындай орталықтарды дамыту, қарт адамдардың өмір сапасын жақсарту және зейнеткерлерге әлеуметтік орта қалыптастыру туралы өз ойымен бөлісті.

Өнерлі ата-әжелер Ақкөл жұртшылығына 1,5 сағаттан аса концерт бағдарламасын ұсынды.

– Астана қаласынан келген көркем өнерпаздар концертінде 5 өнер ұжымы мен жеке орындаушылар атсалысты. «Елден сәлем!» атты концерт алдағы келе жатқан мамыр мерекелері мен Қазақстан халқы ассамблеясының 30 жылдығына орайластырылды. Біздің концертімізді Ақкөл жұртшылығы жылы қабылдады. Әсіресе сәнқой әжелерден құралған «Kerbez models» тобы мен әнші, күйші, бишілердің өнері көрермен жүрегін баурап алды, – деді орталықтың мәдени ұйымдастырушысы Гүлшат Әлекешқызы.

Аудан басшылығы мен Ақкөл ауылының құрметті ардагерлері елордадан келген өнерлі зейнеткерлерге дән ризашылығын білдіріп, аталмыш елді мекенде де осы тәжірибені үлгі тұтуға болатынын айтты.

# АШЫҚ ТЕРЕЗЕ ҚАУІП ТУДЫРАДЫ

Көктем, жаз айларында балалар еркін ойнап, қоршаған ортамен белсенді танысады. Алайда дәл осы маусымдарда ересектердің бір сәттік аңғалдығы орны толмас қайғыға ұласуы мүмкін. Есіл ауданы әкімдігі мен Төтенше жағдайлар басқармасы мамандары бірлесіп бұл бағытта ұдайы түрде жиын, рейдтік іс-шаралар мен түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

«Бала қауіп-қатердің не екенін білмейді. Сондықтан оның қауіпсіздігіне тек ата-аналар мен үлкендер жауапты» дейді Астана қаласы ТЖД Есіл ауданының ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау капитаны Гафура Жакупова. Оның айтуынша, қайғылы оқиғалардың басым көпшілігі ата-аналар үйде болғанда да орын алады. Себебі бірер минутқа басқа бөлмеге кету, телефонға алаңдау немесе «ештеңе бола қоймас» деген салғырт көзқарас ауыр зардапқа әкеп соғуы мүмкін.

Мамандардың мәліметінше, терезеден құлаудың алдын алу үшін ең қарапайым, бірақ тиімді шараларды ұстану жеткілікті. Алдымен, барлық терезелерге қорғаныс торлары мен құлыптар орнатылуы тиіс. Бұл балалардың терезені кең ашуына немесе абайсызда шығуына кедергі болады. Құлыптары бар арнайы тұтқалар да осы мақсатта тиімді. Сонымен қатар, терезе маңында орындық, үстел секілді жиһаздарды орналастырмау қажет – балалар оларды баспалдақ ретінде пайдалануы мүмкін.



Гафура Мырзахметқызының айтуынша, ата-аналар тек физикалық қауіпсіздікпен ғана шектелмей, баламен үнемі сөйлесіп, терезе маңындағы қауіпті түсіндіруі керек. Бұл – қауіпсіздік мәдениетінің қалыптастырудың алғашқы қадамы. Ал егер мүмкін болса, ашылу бұрышы шектелетін терезелерді орнатып, қауіпсіздікті тағы бір сатыға көтерген жөн.

# АТЫ АРЫСТАН, ТІРЛІГІ ШЕ?..

Райхан
РАХМЕТОВА

Ауық-ауық танымал азаматтар да, қарапайым халық та тек жүк өткізу құнына ғана емес, басқа да қызметтеріне қатысты мәселелерін көтеріп, желіні жиі шулатады. «Балалар билетін 50% қымбатқа сатқан», «Рейстері себепсіз сағаттап кешігеді», «Қызмет көрсету деңгейі адам төзгісіз», «Жолаушылардың билеттері мен жүктеріне алатын ақшасы удай қымбат» деген сөздер көп айтылады.

Шағымдардың басым бөлігін жүк үшін төленетін ақының билет құнынан асып кетуі, соған қатысты жолаушыларға алдын ала дұрыс ақпарат берілмеуі туралы мәселе құрайды. Мысалы, жолаушылардың бірі: «Флай Арыстан компаниясының қол

**МЫСАЛЫ, ЖОЛАУШЫЛАРДЫҢ БІРІ: «ФЛАЙ АРЫСТАН КОМПАНИЯСЫНЫҢ ҚОЛ ЖҮГІМІЗ 5 КИЛОГРАМНАН 1-2 КГ АСҚАНЫ ҮШІН 3-5 КГ ЕТТІҢ БАҒАСЫН ТӨЛЕТКЕНІ ДҰРЫС ПА? НЕГЕ ТІРКЕУ ӨТЕТІН КЕЗДЕ ЕСКЕРТПЕЙ, ҰШАҚҚА ОТЫРАР АЛДЫНДА АҚША ТАЛАП ЕТЕДІ?**

жүгіміз 5 килограмнан 1-2 кг асқаны үшін 3-5 кг еттің бағасын төлеткені дұрыс па? Неге тіркеу өтетін кезде ескертпей, ұшаққа отырар алдында ақша талап етеді? 1-2 килограмға 15 000 теңге төлемеу үшін не білген жөн?» деп өкпесін жазады.




Осы мәселе бойынша азаматтар шағымына қатысты кеңес беретін адвокат Айжамал Мыңжасардың айтуынша, көп жағдайда бұған азаматтардың өздерінің сауаттылығының төмендігі себеп болады.

– Бұл компанияға шағым көп екені рас, оның болатыны себепсіз де емес. Көп шағым қол жүгін өткізудегі бағасына қатысты болады. Мысалы, тіркеуден өткен кезде олар ештеңе деп айтпайды, 5 кг деген сурет қана тұрады. Соның қасына «егер 5 келіден артық жүк алып өтсеңіз соған да төлейсіз» деп жазып қояр болса немесе жүгін өлшеп жатқан кезде, «қазір ішке кірген кезде өлшейді, сол кезде салмағы асып кетсе тағы төлейсіз» десе, адам тоқтап алдын ала білер еді. Ал негізінде өздерінің ішкі ережелері бар. Халықтың көбі сол ережелерді мұқият оқымайды. Олар халықтың сауатсыздығын пайдаланады. Азаматтар өздерінің құқығын біле бермейді. Бұл жерде 5 кг деп өткізеді, ішіне өткен соң алдыңнан атып шығып, таразыларын қояды да, тәртіп сақшылары сияқты «Қазір тексереміз» дейді. Сөйтіп, адамдардың бәрін бір қатарға тұрғызып, жүктері 5 келіден сәл асса, тіпті 500 грамға көбейсе де, 1 келіден асса да бірден көп ақша төлеткізеді. Сөйтіп, ұшар кезде бағасы басқа болып кетеді. Бұлардан өзге бірде-бір компания осылай тексермейді. Бұл компанияда билетті 15-20 мың теңгеге алып, жүк үшін 30 мың төлеуіңіз мүмкін. Мұны мен әуежайда алдыңнан шығатын «тосынсый» деп атар едім. Адамдар өз құқығын білмегеннен кейін арыз-шағым жазбайды немесе қолы тимейді. Қолын сілтеп кете береді. Негізінде басқа компаниялар ішіне кірген соң тексермейді. Бұлардың таразы әкеп қоятыны да дұрыс емес. Сөйтіп «айламен» түсіретін қаржыны олар өздеріне бонус ретінде пайдаланады екен. Бұл деген көп ақша ғой. Халық сондықтан 5 келіден артық жүк алып өтпеуі керек. Егер алып өткісі келсе, 10 келі үшін төлеп, багажын қолына алып өтуіне болады. Болмаса үстіңізге киіп алыңыз немесе қолтығыңызға тығып алыңыз. Адамды таразыға өлшемейді ғой. Шағымданған адамдар органдарға барып арыз жазуы керек, сол кезде ғана тексеріс болады, сонда ғана мәселе шешіледі. Барлық жерде камералар бар, содан да көруге болады. Менде де таразыға өлшеген сәтінен түсірілген бейнежазбалар көп, – дейді адвокат.

Осыған қатысты сұрақтарымызды компанияның баспасөз қызметіне жолдадық. Ондағы жауап мәтінінде:

– FlyArystan классикалық лоукостер моделіне сәйкес жұмыс істейді. Бұл модельге сай стандартты әуебилеттің құнына ұшақ

> Air Astana компаниясының еншілес ұйымы ретінде құрылғанына алты жыл болған қазақстандық лоукостер – Fly Arystan компаниясы төңірегінде шу мен шағым көп. Билеті арзан деп бөркімізді аспанға атқанмен, жүк тасымалдау құны халықтың ашуын келтіріп, бастапқы қуаныш су сепкендей басылған. Тіпті ашулы халық «Аты арыстан, тірлігі тышқан» деп айдар тағып та үлгерді. Дегенмен басқа таңдау жоқ болғасын, қалтасы жұқа жолаушы компания қызметіне жүгінуге мәжбүр.

бортындағы кездейсоқ таңдалған орын және салмағы 5 кг-нан, габариттері 56х23х36 см-ден аспайтын бір дана қол жүгін алып жүру мүмкіндігі кіреді. Жолаушы тегін 5 кг қолжүкті қосымша ақы төлеп, 10 кг ұлғайтылған қолжүкке айналдыра алады.

Егер қолжүктің салмағы белгіленген талаптарға сай болса, бірақ өлшемі 56х23х36 см-ден асып кетсе, ол жолжүк ретінде есептеліп, оны әуежайда тіркеу қажет болады. Егер де жолаушы жолжүкті алдын ала сатып алмай, әуежайдың өзінде төлем жасаса, жолжүктің әр килограмына белгіленген тариф бойынша ақы төлеуге міндетті. Қолжүктің салмағы шамадан асқанда, жолаушы «артық салмақ» үшін емес, жоғарыда айтылған «10 кг қол жүгін» алып жүру қызметі үшін ақы төлейді. FlyArystan жолаушыларына сапарын алдын ала жоспарлап, авиабилетті брондау кезінде (ресми сайт, мобильді қосымша, байланыс орталығы немесе туристік агенттік арқылы) қолжүктің салмағын арттыру қызметін алдын ала сатып алуды ұсынады. Айта кететін жайт – «10 кг қолжүкті» алып жүру қызметінің әуежайдағы құны ресми сату арналарынан алдын ала сатып алғанға қарағанда әлдеқайда жоғары болады.

Қолжүк пен жолжүкті тасымалдау ережелерімен толығырақ келесі сілтемеден танысуға болады: https://flyarystan.com/kk/hand-baggage» делінген.

Ал «Қазақстанның авиациялық әкімшілігі» АҚ мамандары осы мәселеге байланысты сұрақтарымызға берген жауабында FlyArystan әуе компаниясына қатысты жолаушылардың шағымдарының бірнеше себептерін атады.

«FlyArystan ҚР азаматтық авиация саласындағы заңнамасына және халықаралық стандарттарға сай жұмыс істейтін лоукостер моделімен, яғни бюджеттік, қызмет көрсететін әуе компания екенін ескеру қажет. Мұндай әуе компанияларда билеттердің бағасы арзан болғанымен, қосымша қызметтер (багаж, орын таңдау, тамақ, т.б.) үшін бөлек ақы алынады. Әуе компаниясы тарапынан барлық шарттардың әуежайда немесе мобильді қосымшада алдын ала көрсетілетінін және барлық ақпараттың ашық екенін ескертеді. Әуе компаниялар жолаушылардың құқықтарын бұзған немесе рейстердің кешігуі кезінде заңда көзделген қызметтерді көрсетпеген жағдайда ҚР Көлік министрлігінің Азаматтық авиация комитеті өз құзыреті шеңберінде тиісті шараларды қабылдауға уәкілетті екенін атап өткен жөн. Шағымдардың көбеюі тек әуе компанияның «кінәсі» ғана емес. Бұл жерде екі тарап та – әрі әуе компания, әрі жолаушылар – өз жауапкершілігін түсініп, ортақ мүдде үшін әрекет етуі маңызды» дейді олар.

Олардың айтуынша, билеттің арзандығына қарамастан, кей жағдайда багаж құнының жоғары болуы – лоукостерлердің баға саясатына тән ерекшелік. «Халықаралық тәжірибеде бюджеттік әуе компаниялар негізгі қызметті, яғни ұшуды мүмкіндігінше қолжетімді бағамен ұсына отырып, қосымша қызметтерді (багаж, орын таңдау, тағам, т.б.) жеке төлеммен ұсынады. Бұл модель әлем бойынша (мысалы, Ryanair, WizzAir, AirAsia) кең таралған және коммерциялық жағынан тиімді, компания арзан билетпен жолаушыны тартады, ал қосымша қызметтерден табыс табады» дейді компания өкілдері.

Қазіргі таңда Fly Arystan әуе компаниясына қатысты тергеу жүріп жатыр.

Компанияның билет бағасын негізсіз көтергені анықталған жағдайда әкімшілік айыппұл салынады. «Айыппұл айналымның 5%-ын құрайды, сондай-ақ негізсіз баға айырмасы тәркіленеді. Сонымен қатар, компанияға бағаны төмендету туралы нұсқама беріледі» дейді Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары Болат Сәмбетов.

Құқықтық сауаттылық әр адамға керек және қоғамдағы әділетсіздікпен күресіп, халыққа қолайлы ережелер орнатуда да маңызды. Сондықтан заңды біліп, соған сай әр азаматтың бейтарап қалмай, шағымдануы, арыз беруі, талап етуі ғана осындай компаниялардың «тұзағына» түспеуге септік етеріне сенім бар.

# КҮЛЕМІЗ ДЕП ЖҮРІП, ЖЫЛАП ҚАЛМАЙЫҚ...

> Қазақстанның жастары есірткінің жаңа түріне тап болды. Ол – ресми түрде есірткілер тізімінде болмаса да, оның әсері нашақорлықтың алғашқы сатысы болуы мүмкін. Азот тотығы – медициналық процедураларда қолданылатын күшті заттардың тізіміне енгізілгеніне қарамастан, мейрамханаларда, барларда және түнгі клубтарда «күлкі тудыратын шариктер» деп аталып, танымал ойын-сауық құралына айналды.

Медицина және наркология саласының мамандары азот тотығының адам ағзасына кері әсері бар екенін айтты. Атап айтқанда: неврологиялық зақым, яғни, азот тотығын ұзақ уақыт бойы қолдану B12 дәруменінің тапшылығын тудырып, жүйке жүйесінің бұзылуына, аяқ-қолдың жансыздануына, сондай-ақ қозғалыс қабілетінің төмендеуіне алып келеді. Оттегі жетіспеушілігі (гипоксия). Бұл зат жоғары дозада пайдаланылған жағдайда тыныс алудың бұзылуына, естен тануға және өлімге дейін әкелуі мүмкін.

Психикалық денсаулыққа әсері: жастар арасында оның жиі қолданылуы депрессияға, үрей (тревога) сезіміне, есте сақтау қабілетінің әлсіреуіне және ақыл-ой дамуының тежелуіне себеп болуы мүмкін. Жүрек-қан тамыр жүйесіне әсері: азот тотығын қолдану жүрек ырғағының бұзылуына, қан қысымының күрт өзгеруіне және жүрек ауруларына әкелуі ықтимал.



Тәуелділік қаупі: бұл зат есірткі секілді психологиялық тәуелділік тудырады және жастар арасында оның қолжетімділігі қауіпті деңгейге жетуде.

Соңғы бір жылдың ішінде елімізде «күлкі тудыратын шариктерден» кейін есін жоғалтқан, ауыр жарақат алған және жол-көлік оқиғаларына түскен жастардың саны өсіп келеді.

Елімізде бұл газдың заңсыз айналымы үшін нақты қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілік қарастырылмаған. Мәселен, Ұлыбритания – 2023 жылы азот тотығын есірткі заттары қатарына қосып, заңсыз сатқандарға екі жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын бекітті. Нидерланды болса, бұл газды көңіл көтеру мақсатында пайдалануға толық тыйым салды. Көршілес Ресей мемлекеті 2021 жылы бұл заттың заңсыз айналымына тосқауыл қойды.

Қылмыстық кодекстің қолданыстағы нормалары, атап айтқанда, 310-бап «Дәрілік заттарды немесе басқа да құралдарды пайдалана отырып, мас болу үшін притондарды ұйымдастыру немесе ұстау» есірткі құралдары мен психотроптық заттарға жатпайтын, бірақ тиісті дәрежеде жұмыс істемейтін заттарды пайдалана отырып, осындай орындарды ұйымдастырғаны немесе ұстағаны үшін жазаны көздейді. Осы бап бойынша санкцияларға 2000 АЕК-ке дейінгі айыппұл (шамамен 8 миллион теңге) немесе екі жылға дейін бас бостандығынан айыру жатады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты мынадай ұсыныстарым бар:

1) Азот тотығының заңсыз айналымы үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікті белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізу жөнінде ұстаным ұсынуды;

2) Осы заттың таралуы мен қолданылуын, сондай-ақ оны еркін сатудың шектеулерін бақылауды күшейтуді;

3) Құқық қорғау органдарына алдын ала шағым жасамай-ақ, күлетін газды заңсыз пайдалану мүмкін болатын мекемелерге тексеру жүргізу үшін қосымша өкілеттіктер беруді;

4) Жастар мен оқушылар арасында «күлетін газдың» медициналық емес мақсатта пайдаланудың зияны туралы профилактикалық және түсіндіру іс-шараларын жүргізуді сұраймын.

**Темір ҚЫРЫҚБАЕВ,**
**Мәжіліс депутаты**

## ДҮЙСЕНБІ
### 21 СӘУІР

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Әлемді өзгерткен кеме апаттары».
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:10 «Қызым». Телехикая.
12:10 «Ауыл мұғалімі». Телехикая.
13:10 «Қызық екен...».
14:00 АҚПАРАТ
14:10 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
15:00 «Қос палата»
15:20 «Еңбек адамы». Арнайы жоба
15:50 «ТАТУ-ТӘТТІ». Реалити шоу.
17:00 АҚПАРАТ
17:10 «Сезім толқыны». Телехикая.
18:00 «ҚЫЗЫМ». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:20 «ЫСТЫҚ ҰЯ». Телехикая.
22:15 «ЛӘЙЛӘ». Телехикая.
23:15 «1001 ТҮН».
0:20 «Замандастар».
2:10 «Ашық алаң».
3:05 «Сана».
4:05 «Тату-тәтті». Реалити шоу.

5:00 "Дүлдүлдер дүбірі"
6:00 Телехикая. "Пәленшеевтер 3"
7:00 "Оян!"
9:00 Мультсериал. "Приключения Моли"
9:30 Телесериал. "Зимородок"
11:30 "Тамаша"
12:00 "President"
12:15 "Әлеумет"
12:30 "ОйнаIQ"
13:30 Телехикая. "Кебенек"
15:00 Телехикая. "Бахар"
16:00 Телесериал. "Последствия"
18:00 Новости
18:30 Жаңалықтар
19:00 Телехикая. "Шашу"
20:00 Телехикая. "Бахар"
21:00 Телесериал. "Зимородок"
22:30 Телесериал. "Последствия"
0:30 Телесериал. "Перекресток"

**ASTANA TV**

06.00 «Тігінші қыз» телесериал
07.00 «Двойная жизнь» телесериал
09.00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
10.35 «Яркое пламя» телесериал
11.40 «Осман 3» телехикаясы
14.30 «Тігінші қыз» телесериал
15.45 «Полоса отчуждения» телесериал
16.45 «Двойная жизнь» телесериал
19.00 «Яркое пламя» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
22.20 «Адасқан сезім» телехикаясы
23.10 «Осман 3» телехикаясы
01.00 «На твоей стороне» телесериал

6:00 «П@УТІNA» бағдарламасы
7:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:05 «ЦЕНА ЛЮБВИ».
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «АЛЕКС ЛЮТЫЙ. ДЕЛО ШУЛЬЦА»
0:30 «ТАЕЖНЫЙ ДЕТЕКТИВ»
1:20 «НОВОСТИ»
1:35 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
1:50 «П@УТІNA» бағдарламасы
2:35 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы

**КТК**

7:05 "КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!" (қайталау)
8:05 "ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ"
10:30 "БЫЛО ДЕЛО"
12:20 "Я ДЕЛАЮ ШАГ", мелодрама.
14:20 "ТАЙНЫ", мелодрама.
16:20 "РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА"
18:20 "ДЖЕЛАЛАДДИН" сериал.
19:40 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу.
20:40 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 "ДРУГАЯ", мелодрама
23:40 "ЗАКОН ТАЙГИ", мелодрама.
1:35 "МАРУСЯ", мелодрама
3:15 "КАТИНА ЛЮБОВЬ", мелодрама
4:00 "ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ"
5:30 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ" (қайталау)
6:15 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

**31**

06:00 «Әзіл студио»
06:30 «31 әзіл»
07:00 «TikTok show»
07:30 «Күліп All»
08:00 Мультсериал «Буба»
08:30 «Айдаһарлар шайқасы»
10:10 «Бозторғай» телехикаясы. 4 бөлім
11:10 Т/сериал «Ольга» 61-62 серии
12:10 «Менің үйім қайда?» (повтор)
14:10 «Индиана Джонс» (повтор)
17:00 «Кикбоксер: Возмездие»
19:00 Т/сериал «Ольга» 63-64 серии
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Снайпер 3»
22:50 «Бозторғай» телехикаясы. 5 бөлім
00:00 «Новые мутанты» (повтор)
01:30 Реалити-шоу «Келіндер бәйгесі»
02:10 «Time Vine»
03:00 «TikTok show»
04:20 «1001 Әзіл»
04:30 Телевикторина «BALA BATLLE»
05:20 «Ризамын»

**7**

6:00 Әнұран
6:02 «АНАНДИ». Телехикая
7:00 "Әзіл Time"
8:00 "СЕЗІМ ҮШІН" Телехикая
9:00 "Фактор страха". Реалити шоу
9:50 "Саулықтың сыры" Бағдарлама
10:00 «Ғаламат ғасыр. Көсем». Телехикая
11:00 "Бесценное время". Телесериал
13:00 "ФАКТОР СТРАХА". Реалити шоу
14:00 ПРЕМЬЕРА!
15:00 "НИКТО НЕ УЗНАЕТ" Телесериал
17:00 «РӘЗИЯ СҰЛТАН». Телехикая
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:20 «РӘЗИЯ СҰЛТАН». Телехикая
20:00 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. КЁСЕМ».
21:00 "БЕСЦЕННОЕ ВРЕМЯ". Телесериал
22:40 "СУЛТАН РАЗИЯ" Телесериал
1:10 Здоровье с Айнур Тажиной
1:40 Жетінші студия
2:40 Әйгерім Сейфолланың Сырласуы
3:30 "Жұлдызды шаңырақта"
4:00 "ИМЕНА". Программа
4:25 Q-елі

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Қызық Live» (каз.)
08.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
08.20 Телехикая «Достық 99» (каз.)
08.45 Телехикая «Қатыгез Ыстамбұл»
09.45 «ВСПЫШ И ЧУДО-МАШИНКИ»
10.10 Шоу «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
11.00 «ОРЕЛ И РЕШКА.ЧУДЕСА СВЕТА»
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ» (каз.)
16.00 Телехикая «Қатыгез Ыстамбұл»
17.10 Телехикая «Қашан туасың» (каз.)
17.40 «РЕВЮ» (каз.)
18.00 «ОРЕЛ И РЕШКА.ЧУДЕСА СВЕТА»
19.00 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.30 «ГРАН ТОРИНО»
22.40 «НОЧНЫЕ ИГРЫ»
00.50 «Қызық Live» (каз.)
01.30 «Ұ-NIGHT SHOW» (каз.)
02.50 «Мезгілсіз сезім» (каз.Туркия)
03.40 «INSTA TV» (каз.)
04.00 – 05.00 «Екі езу» (каз.)

## СЕЙСЕНБІ
### 22 СӘУІР

**QAZAQSTAN**

6:00 ӘНҰРАН
6:05 «КИЕЛІ ҚАЗАҚСТАН»
6:30 АҚПАРАТ
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «ҚЫЗЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:10 «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ». ТЕЛЕХИКАЯ.
13:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
14:00 АҚПАРАТ
14:10 «АҚОРДА»
14:25 «ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ»
14:50 «ЫСТЫҚ ҰЯ». ТЕЛЕХИКАЯ.
15:50 «ТАТУ-ТӘТТІ».
17:00 АҚПАРАТ
17:10 «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
18:00 «ҚЫЗЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:20 «ЫСТЫҚ ҰЯ». ТЕЛЕХИКАЯ.
22:15 «ЛӘЙЛӘ». ТЕЛЕХИКАЯ.
23:15 «1001 ТҮН».
0:15 «ЗАМАНДАСТАР».
1:25 АҚПАРАТ
2:00 «АШЫҚ АЛАҢ».
2:50 «ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ»
3:10 «САНА».
4:10 «ТАТУ-ТӘТТІ». РЕАЛИТИ ШОУ.

5:00 "ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ"
6:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ПӘЛЕНШЕЕВТЕР 3"
7:00 "ОЯН!"
9:00 "ПРИКЛЮЧЕНИЯ МОЛИ"
9:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ЗИМОРОДОК"
11:30 "ТАМАША"
12:00 "КӨЗҚАРАС"
12:30 ТЕЛЕХИКАЯ. "ШАШУ"
13:30 ТЕЛЕХИКАЯ. "КЕБЕНЕК"
15:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "БАХАР"
16:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ПОСЛЕДСТВИЯ"
18:00 НОВОСТИ
18:30 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ШАШУ"
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "БАХАР"
21:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ЗИМОРОДОК"
22:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ПОСЛЕДСТВИЯ"
0:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ПЕРЕКРЕСТОК"

**ASTANA TV**

06.00 «Тігінші қыз» телесериал
07.00 «Двойная жизнь» телесериал
09.00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
10.35 «Яркое пламя» телесериал
11.40 «Осман 3» телехикаясы
14.30 «Тігінші қыз» телесериал
15.45 «Полоса отчуждения» телесериал
16.45 «Двойная жизнь» телесериал
19.00 «Яркое пламя» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.10 «Қолымнан ұста» телехикаясы
22.20 «Адасқан сезім» телехикаясы
23.10 «Осман 3» телехикаясы
01.00 «На твоей стороне» телесериал

6:00 «П@УТІNA» бағдарламасы
7:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11:50 «ОДНА НА ДВОИХ»
13:00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «АЛЕКС ЛЮТЫЙ. ДЕЛО ШУЛЬЦА»
0:30 «ТАЕЖНЫЙ ДЕТЕКТИВ»
1:50 «П@УТІNA» бағдарламасы
3:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы

**КТК**

7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
7:20 "ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ"
9:30 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
10:10 "БЫЛО ДЕЛО"12:00
"ТАЙНЫ", мелодрама.
14:10 "ЗАКОН ТАЙГИ", мелодрама.
16:10 "РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА", реалити-шоу.
18:20 "ДЖЕЛАЛАДДИН", сериал.
19:40 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу.
20:40 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:40 "ДРУГАЯ", мелодрама
23:40 "ЗАКОН ТАЙГИ", мелодрама.
1:30 "МАРУСЯ", мелодрама
3:10 "КАТИНА ЛЮБОВЬ", мелодрама
4:00 "ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ"
5:30 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ" (қайталау)
6:15 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

**31**

06:00 «Әзіл студио»
06:30 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
06:50 Информбюро (рус/каз)
08:00 Мультсериал «Буба»
08:20 «Айдаһарлар шайқасы»
09:50 «Бозторғай» телехикаясы. 5 бөлім
11:00 Т/сериал «Ольга» 63-64 серии
12:00 «Снайпер 3» (повтор)
14:00 «Капитан Филлипс» (повтор)
17:00 «Эон Флакс»
19:00 Т/сериал «Ольга» 65-66 серии
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Снайпер 4»
22:50 «Бозторғай» телехикаясы. 6 бөлім
00:00 «Победители и грешники»
02:00 Реалити-шоу «Келіндер бәйгесі»
02:40 «Time Vine» ойын-сауық бағдарламасы
03:00 «TikTok show» ойын-сауық бағдарламасы
04:00 «Әзіл студио» ойын-сауық бағдарламасы
04:20 «1001 Әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
04:30 Телевикторина «BALA BATLLE»
05:00 «What's up?» ойын-сауық бағдарламасы
05:20 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы

**7**

6:00 Әнұран
6:02 «АНАНДИ». Телехикая
7:00 "Әзіл Time"
8:00 "СЕЗІМ ҮШІН" Телехикая
9:00 Жаңалықтар
9:50 "Саулықтың сыры" Бағдарлама
10:00 «Ғаламат ғасыр. Көсем». Телехикая
11:00 "Бесценное время". Телесериал
13:00 "ФАКТОР СТРАХА". Реалити шоу
14:00 "КОГДА ЖИЗНЬ ДАРИТ ТЕБЕ НАДЕЖДУ" Телесериал
15:00 "НИКТО НЕ УЗНАЕТ" Телесериал
17:00 «РӘЗИЯ СҰЛТАН». Телехикая
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:20 «РӘЗИЯ СҰЛТАН». Телехикая
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. КЁСЕМ».
21:00 "БЕСЦЕННОЕ ВРЕМЯ". Телесериал
22:40 "СУЛТАН РАЗИЯ" Телесериал
1:10 Здоровье с Айнур Тажиной
1:40 Жетінші студия
2:40 Әйгерім Сейфолланың Сырласуы
3:30 "Жұлдызды шаңырақта"
4:00 "ИМЕНА". Программа
4:25 Q-елі
4:50 "Тек қана қыздар" Телехикая
5:15 "Зың-зың Күлпәш" Телехикая

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Қызық Live» (каз.)
08.00 «Екі езу» (каз.)
08.20 Телехикая «Достық 99» (каз.)
08.45 Телехикая «Қатыгез Ыстамбұл»
09.45 «ВСПЫШ И ЧУДО-МАШИНКИ»
10.10 Шоу «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
11.00 «ОРЕЛ И РЕШКА.ЧУДЕСА СВЕТА»
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ» (каз.)
16.00 Телехикая «Қатыгез Ыстамбұл»
17.10 Телехикая «Қашан туасың» (каз.)
17.40 «РЕВЮ» (каз.)
18.00 «ОРЕЛ И РЕШКА.ЧУДЕСА СВЕТА»
19.00 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.30 «ВЫСТРЕЛ ВСЛЕПУЮ»
22.10 «НАРКОКУРЬЕР»
00.30 «Қызық Live» (каз.)
01.10 «Ұ-NIGHT SHOW» (каз.)
02.30 Телехикая «Мезгілсіз сезім» (каз. Туркия)
03.20 «INSTA TV» (каз.)
04.00 – 05.00 «Екі езу» (каз.)

## СӘРСЕНБІ
### 23 СӘУІР

**QAZAQSTAN**

6:00 ӘНҰРАН
6:05 «КИЕЛІ ҚАЗАҚСТАН»
6:30 АҚПАРАТ
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «ҚЫЗЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:10 «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ». ТЕЛЕХИКАЯ.
13:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
14:00 АҚПАРАТ
14:10 «ЕҢБЕК АДАМЫ». АРНАЙЫ ЖОБА
14:50 «ЫСТЫҚ ҰЯ». ТЕЛЕХИКАЯ.
15:50 «ТАТУ-ТӘТТІ». РЕАЛИТИ ШОУ.
17:00 АҚПАРАТ
17:10 «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
18:00 «ҚЫЗЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ». .
21:20 «ЫСТЫҚ ҰЯ». ТЕЛЕХИКАЯ.
22:15 «ЛӘЙЛӘ». ТЕЛЕХИКАЯ.
23:15 «1001 ТҮН».
0:15 «ЗАМАНДАСТАР».
1:25 АҚПАРАТ
2:00 «АШЫҚ АЛАҢ».
2:50 «САНА».
3:50 «ТАТУ-ТӘТТІ». РЕАЛИТИ ШОУ.
4:50 «ЕҢБЕК АДАМЫ». АРНАЙЫ ЖОБА

5:00 "ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ"
6:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ПӘЛЕНШЕЕВТЕР 3"
7:00 "ОЯН!"
9:00 МУЛЬФИЛЬМ. "АҢШЫ"
9:15 "МОМЫН МЕН ҚАРАҚШЫЛАР"
9:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ЗИМОРОДОК"
11:30 "ТАМАША"
12:00 "ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ"
12:30 ТЕЛЕХИКАЯ. "ШАШУ"
13:30 ТЕЛЕХИКАЯ. "КЕБЕНЕК"
15:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "БАХАР"
16:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ПОСЛЕДСТВИЯ"
19:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ШАШУ"
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "БАХАР"
21:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ЗИМОРОДОК"
22:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ПОСЛЕДСТВИЯ"
0:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ПЕРЕКРЕСТОК"

**ASTANA TV**

06.00 «ТІГІНШІ ҚЫЗ» ТЕЛЕСЕРИАЛ
07.00 «ДВОЙНАЯ ЖИЗНЬ» ТЕЛЕСЕРИАЛ
09.00 «ҚОЛЫМНАН ҰСТА»
10.35 «ЯРКОЕ ПЛАМЯ» ТЕЛЕСЕРИАЛ
11.40 «ОСМАН 3» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
14.30 «ТІГІНШІ ҚЫЗ» ТЕЛЕСЕРИАЛ
15.35 «ПОЛОСА ОТЧУЖДЕНИЯ»
16.35 «СТРАСТИ ПО ЗИНАИДЕ»
19.00 «ЯРКОЕ ПЛАМЯ» ТЕЛЕСЕРИАЛ
20.00 «ASTANATIMES»
21.10 «ҚОЛЫМНАН ҰСТА»
22.20 «АДАСҚАН СЕЗІМ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
23.10 «ОСМАН 3» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
01.00 «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ»

6:00 «П@УТІNA» БАҒДАРЛАМАСЫ
7:00 «KÖREMIZ-ШОУ» БАҒДАРЛАМАСЫ
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
11:00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11:50 «ОДНА НА ДВОИХ»
13:00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14:30 «QOSLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫ
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «АЛЕКС ЛЮТЫЙ. ДЕЛО ШУЛЬЦА»
0:30 «ТАЕЖНЫЙ ДЕТЕКТИВ»
1:50 «П@УТІNA» БАҒДАРЛАМАСЫ

**КТК**

7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
7:20 "ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ"
9:30 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (ПОВТОР)
10:10 "БЫЛО ДЕЛО"
12:00 "ТАЙНЫ", МЕЛОДРАМА.
14:10 "ЗАКОН ТАЙГИ", МЕЛОДРАМА.
16:10 "РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА"
18:20 "ДЖЕЛАЛАДДИН", СЕРИАЛ.
19:40 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ТОК-ШОУ.
20:40 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 "ДРУГАЯ", МЕЛОДРАМА
23:40 "ЗАКОН ТАЙГИ", МЕЛОДРАМА.
1:30 "МАРУСЯ", МЕЛОДРАМА
3:10 "КАТИНА ЛЮБОВЬ", МЕЛОДРАМА
3:55 "ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ"
5:30 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ" (ҚАЙТАЛАУ)
6:15 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР

**31**

06:00 «ӘЗІЛ СТУДИО» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
06:30 «31 ӘЗІЛ» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
06:50 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
08:00 МУЛЬТСЕРИАЛ «БУБА»
08:20 МУЛЬТСЕРИАЛ «ВЕЛИКИЙ ЧЕЛОВЕК-ПАУК»
08:50 «АЙДАҺАРЛАР ШАЙҚАСЫ»
10:20 «БОЗТОРҒАЙ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
11:30 Т/СЕРИАЛ «ОЛЬГА» 65-66 СЕРИИ
12:30 «КИКБОКСЕР: ВОЗМЕЗДИЕ»
14:30 «СНАЙПЕР 4» (ПОВТОР)
16:30 «СКАЛОЛАЗ»
19:00 Т/СЕРИАЛ «ОЛЬГА» 67-68 СЕРИИ
20:00 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
21:00 «ЭЛИЗИУМ: РАЙ НЕ НА ЗЕМЛЕ»
23:00 «БОЗТОРҒАЙ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ.
00:10 «МОИ СЧАСТЛИВЫЕ ЗВЕЗДЫ 2»
02:00 РЕАЛИТИ-ШОУ «КЕЛІНДЕР БӘЙГЕСІ»
02:40 «TIME VINE» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
03:00 «TIKTOK SHOW» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
03:20 «WHAT'S UP?» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
04:00 «ӘЗІЛ СТУДИО» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
04:20 «1001 ӘЗІЛ» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
04:30 ТЕЛЕВИКТОРИНА «BALA BATLLE»
05:00 «WHAT'S UP?» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
05:20 «РИЗАМЫН» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

**7**

6:00 Әнұран
6:02 «АНАНДИ». Телехикая
7:00 "Әзіл Time"
8:00 "СЕЗІМ ҮШІН" Телехикая
9:00 Жаңалықтар
9:50 "Саулықтың сыры" Бағдарлама
10:00 «Ғаламат ғасыр. Көсем». Телехикая
11:00 "Бесценное время". Телесериал
13:00 "ФАКТОР СТРАХА". Реалити шоу
14:00 ПРЕМЬЕРА!
15:00 "ЗОВИ МЕНЯ МАМОЙ" Телесериал
17:00 «РӘЗИЯ СҰЛТАН». Телехикая
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:20 «РӘЗИЯ СҰЛТАН». Телехикая
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. КЁСЕМ».
21:00 "БЕСЦЕННОЕ ВРЕМЯ". Телесериал
22:40 "СУЛТАН РАЗИЯ" Телесериал
1:10 Здоровье с Айнур Тажиной
1:40 Жетінші студия
2:40 Әйгерім Сейфолланың Сырласуы
3:30 "Жұлдызды шаңырақта"
4:00 "ИМЕНА". Программа
4:25 Q-елі
4:50 "Тек қана қыздар" Телехикая
5:15 "Зың-зың Күлпәш" Телехикая

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Қызық Live» (каз.)
08.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
08.20 Телехикая «Достық 99» (каз.)
08.45 Телехикая «Қатыгез Ыстамбұл»
09.45 «ВСПЫШ И ЧУДО-МАШИНКИ»
10.10 Шоу «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
11.00 «ОРЕЛ И РЕШКА.ЧУДЕСА СВЕТА»
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ» (каз.)
16.00 Телехикая «Қатыгез Ыстамбұл»
17.10 Телехикая «Қашан туасың» (каз.)
17.40 «РЕВЮ» (каз.)
18.00 «ОРЕЛ И РЕШКА.ЧУДЕСА СВЕТА»
19.00 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.30 «ПЛАН ПОБЕГА»
22.30 «ОХОТНИКИ ЗА ПРИВИДЕНИЯМИ»
01.00 «Қызық Live» (каз.)
01.40 «Ұ-NIGHT SHOW» (каз.)
03.00 Телехикая «Мезгілсіз сезім»
03.50 «INSTA TV» (каз.)
04.10 – 05.00 «Екі езу» (каз.)

## БЕЙСЕНБІ
### 24 СӘУІР

**QAZAQSTAN**

6:00 ӘНҰРАН
6:05 «КҮЙ-КЕРУЕН».
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:10 «ҚЫЗЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:10 «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ». ТЕЛЕХИКАЯ.
13:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
14:00 АҚПАРАТ
14:10 «БЕРЕКЕ БЕСІГІ». АРНАЙЫ ЖОБА
14:40 «ЫСТЫҚ ҰЯ». ТЕЛЕХИКАЯ.
15:50 «ТАТУ-ТӘТТІ». РЕАЛИТИ ШОУ.
17:00 АҚПАРАТ
17:10 «ӘСКЕРИ АНТ». ТЕЛЕХИКАЯ.
18:00 «ҚЫЗЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:20 «ЫСТЫҚ ҰЯ». ТЕЛЕХИКАЯ.
22:15 «ЛӘЙЛӘ». ТЕЛЕХИКАЯ.
23:15 «1001 ТҮН».
0:15 «ЗАМАНДАСТАР».
1:25 АҚПАРАТ
2:00 «АШЫҚ АЛАҢ».
2:50 «САНА».
3:50 «ТАТУ-ТӘТТІ». РЕАЛИТИ ШОУ.

5:00 "Дүлдүлдер дүбірі"
6:00 Телехикая. "Пәленшеевтер 3"
7:00 "Оян!"
9:00 Мультсериал. "Қошқар мен теке"
9:15 Мультсериал. "Қошқар мен теке 2"
9:30 Телесериал. "Зимородок"
11:30 "Тамаша"
12:00 "Көзқарас"
12:30 Телехикая. "Шашу"
13:30 Телехикая. "Кебенек"
15:00 Телехикая. "Бахар"
16:00 "Мастер охоты на единорога"
18:00 Новости
18:30 Жаңалықтар
19:00 Телехикая. "Шашу"
20:00 Телехикая. "Бахар"
21:00 Телесериал. "Зимородок"
0:30 Телесериал. "Перекресток"

**ASTANA TV**

06.00 «Тігінші қыз» телесериал
06.35 «Страсти по Зинаиде» телесериал
09.00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
10.35 «Яркое пламя» телесериал
13.35 «Тұрақтылық тұғыры»
12.00 «Осман 3» телехикаясы
14.30 «Тігінші қыз» телесериал
15.35 «Полоса отчуждения» телесериал
16.35 «Страсти по Зинаиде» телесериал
19.00 «Яркое пламя» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.10 «Қолымнан ұста» телехикаясы
22.20 «Адасқан сезім» телехикаясы
23.10 «Осман 3» телехикаясы
01.00 «На твоей стороне» телесериал

# ҚОРҒАНУ – ӨЗ ҚОЛЫҢДА

АИТВ/ЖИТС қасіретті дертінің қашанда жанымызда жүргенін еске салу, осы дертке шалдығып, өкініш құрбаны болған адамдардың қателігін қайталамау, оларға көмек қолын созу, жақын адамдарынан аластатпау, түсіністікпен қарау – бұл біздің парызымыз.

Айтарымыз, бұл дерттің ұлтқа, жынысқа, жасқа қарамай кез келген адамға сақтанбаған жағдайда ұшырау қаупі бар екенін ешқашан ұмытпау. Жұғу, сақтану жолдарын білу және жақын адамдарыңызды сақтандыра білуіңіз – осы аурудың біздерден алыс жүруінің кепілі.

Қазіргі кезде әрқайсымыздың санамызға үлкен ой салатын өзекті мәселесі болып отырған – АИТВ жұқпасының әлеуметті жауапты тұрғындардың арасындағы таралуы. Бұдан 10-15 жыл бұрын жұқпаның есірткіге тәуелді әлсіз топтар арасында кеңінен таралғанын айтсақ, бүгін жағдай мүлдем басқаша. Оған төмендегі мәліметтер куә:

Астана қаласында 2024 жылдың жылдық қорытындысы бойынша жыныстық қатынас арқылы таралу көрсеткіші 89%-ды құрайды.

Жұқпаланғандардың 72%-ы – 15-49 жас аралығындағы адамдар, 63%-ы – жұмыс атқаратындар. Әсіресе дерттің репродуктивті ерлер мен әйелдер арасында жыныстық жолмен кең таралуы сырқатты сәбилердің келуіне себебін тигізеді.

АИТВ-жұқпасы кездейсоқ қорғалмаған ер мен әйел, ер мен ерлер арасында жыныстық қатынас кезінде, парентеральді, қан арқылы стерилизациядан өтпеген медициналық құралдармен татуировка және пирсинг жасағанда, есірткілерді тұтынатындар көктамыр арқылы бірігіп қолданғанда және вертикальды, АИТВ жұқтырған анадан балаға жүктілік кезінде босану және емізу кезінде беріледі.

Тек қан арқылы өтетін байланыс пен тікелей жыныстық актіні қоспағанда АИТВ-жұқпасы бар адамдармен кез келген байланысқа түсу айналасындағы қоршаған адамдарға мүлдем қауіпсіз.

Осы жұқпадан қауіпсіз болудың бірден-бір жолы:

- сенімді жыныстық жұптар құру;
- жыныстық жұптардың жыныстық серігінің тұрақты болуы;
- кездейсоқ жыныстық қатынастан аулақ болу;
- есірткіге тәуелді болмау;
- кездейсоқ жыныстық қатынас болған жағдайда латексті, полиуретанды мүшеқаптарды қолдану;
-АИТВ-дан және жыныстық жолмен берілетін аурулардан, әйелдер үшін жүктіліктен қорғайтын жалғыз нәрсе – мүшеқапты қолдану.

Егер сізде «АИТВ/ЖИТС» диагнозы болған жағдайда, антиретровирустық терапияны қабылдаудың арқасында өмір сүру көрсеткіші көптеген жылдарға ұзарады. Пациенттердің емделу түрі мемлекет тарапынан кепілдендірілген, тегін, қарапайым дәрілер түрінде тағайындалып, бақылауда тұрады.

Осы дертке ұшыраған адам дәрігер нұсқамаларын бұлжытпай орындағанда, биологиялық карттық жасқа дейін өмір сүруге болатынын ескертеміз.

АИТВ, жыныстық жолмен таралатын (мерез, соз, герпес, хламидиоз, трихомониаз, ВГ т.б.) жұқпалардан сақтанудың алдын алу шараларын білу – сізді және жақындарыңызды өмірдің қауіпсіз сәттеріне жетелейді.

– Егер сіз денсаулығыңызға алаңдап, өміріңізде қандай бір күдікті жыныстық қатынастар болса, Астана қаласының АИТВ-инфекциясының орталығына келіп, Достық кабинеті және Брусиловский көшесінде орналасқан №2 Достық кабинеттеріне келіп, білікті мамандармен тегін түрде кеңесіп, тексерілуге болады. Сынақ нәтижесі теріс болса, презервативтер, АИТВ-ға жанасуға дейінгі және одан кейінгі профилактиканы алуыңызға болады. Егер нәтижелер оң болса, емдеуді бастау керек. Адам дер кезінде жұқпаны анықтап, дер кезінде ем қабылдамаса, ол өзінің серіктестеріне одан әрі жұқтыруды жалғастыра береді.

Егер кездейсоқ жыныстық қатынас болып, қысқа уақыт аралығында жұқпаның жұғуын болдырмау үшін Достық кабинетінің мамандарына 72 сағат аралығында міндетті түрде жүгіну керек. АИТВ жұқпасына тексерілу, алдын алу шаралары бойынша тағайындалған препараттар тегін, ем жасырын түрде жүргізіледі.

Біздің мекенжайымыз: Астана қаласы, І.Есенберлин көшесі, 5/1

Сенім телефоны: 38-04-64. Достық кабинеті №2, Брусиловский көшесі, 4

Сенім телефоны: 42-80-92

**Ж.СМАҒҰЛОВА,**
**Астана қаласының «АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК МКҚК-ның маманы**

# Ботаның МЕРЕЙЛІ БЕЛЕСІ

Әр мерзімді басылымның мақаласы мазмұнды болғанымен, беттеушісі біліксіз болса газеттің тартымдылығы да кем түседі. Сондықтан ойлы материалдың оқылымын арттыруда беттеуші дизайнердің рөлі зор. Сол міндетті 22 жылдан бері абыроймен атқарып келе жатқан «Астана ақшамы» газетінің бет қаттаушысы Бота Жаппарбекова биыл өмірінің мерейлі белесіне аяқ басып отыр.



Мерейлі жасы – жарты ғасырлық ғұмырында ол өз ісіне деген адалдығын, кәсіби біліктілігін, жұмысқа жауаптылығын көрсетіп, ұжымда абырой биігінен көрініп келеді. Аптасына үш рет жарық көретін басылымның 8-12-16 беттік болып шығатын нөмірлерін әрлеп, мақалаларды мағынасына қарай орналастыруда оның бүгінге дейін шеберлігі шыңдалып, газеттің беделін арттыруға септік етуде. Әсіресе, Ботаның қолынан шыққан ресми, қаланың басты жаңалықтарына арналған және басқа да беттер көркемдігімен көз тартады. Өзі Ақмола өңірінің Қорғалжын ауданында туған мерейтой иесі бастапқыда еңбек жолын ұстаздық қызметке арнаған. Ақпараттық технологиялар бойынша сабақ берген оның бұл мамандығы ақыры оны мерзімді басылымның беттеушісі қызметіне алып келді.

Бота Дәулетбекқызы Жаппарбекова – ұжымда беделді, қашан да әріптестеріне жанашыр, қиналғанда қол ұшын созуға даяр қайырымды жан ретінде көптің алғысын алып жүрген әріптес. Әр іске ширақ, жылдам ойлап, жылдам шешім қабылдағыштығы, есепке жүйріктігі ұжымдағы қоғамдық істердің ұйытқысы болып, тылдағы шаруаны ұршықша иіруіне ықпал етеді. Ал газет жұмысы көппен бітетін шаруа, мұнда ұжымның өзара ауызбіршілігі, жақсы тіл табысуы маңызды. Осы ретте Бота қашан да журналистер және корректорлармен жақсы қарым-қатынасын сақтап, жұмысқа жаңадан жастар келсе, білгенін көрсетіп, үйретуден жалықпайды.

Ұйыған отбасының отанасы, екі баланың анасы, сүйкімді немересінің асыл әжесі бүгінде бір ғасырдың жартысына жетсе де көркем келбетімен, нұр шашқан жүзімен сүйікті ұжымының ортасында адал еңбек етіп келеді. Осы жолда оған барша әріптестері мен бүкіл ұжымы мықты денсаулық, ұзақ өмір, мол табыс пен шығармашылық жетістіктер тілейді!





# ӘН ТАРИХЫ ТУДЫРҒАН ТУЫНДЫ

«Нурикамал» әнінің тарихы кейінгі жылдары театр сахнасы мен кино өнері арқылы жаңғырды. Әнді арқау етіп бірнеше спектакль қойылды, көркем фильм түсірілді. Жуырда бұл туынды жайында тағы бір қойылым сахнаға жол тартты. Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры «Махаббатым – сен» драмасын ұсынды. Авторы – жас драматург Жәнібек Әлікен, қоюшы режиссері – Бәзіл Сұлтанғазы.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

Спектакльді тек ән туралы ғана деп айтсақ, қателесеміз. Драма негізінен, шығармашылық иесінің шынайы өнер тудыру жолындағы шарқ ұруы, ерлі-зайыпты ақын мен композитордың отбасылық қарым-қатынасы, адал достық жайында сыр шертеді. «Өлең деген тумайды жайшылықта, өлең деген туады қайшылықта» деп ақиық ақын Мұқағали Мақатаев жырлағандай, жұбайының жаңа танысқан әйелге сезімі ақынға өлең тудырды.

«Нурикамал» әнінің авторлары ерлі-зайыпты композитор Тұрдықылыш Ізтаев пен ақын Ханбибі Есенқарақызы екені мәлім. Тұрдықылыштың Нурикамалға ынтық болғанын байқаған Ханбибі қосағының махаббатын жырға айналдырды. Шындығында ән тарихы сонысымен қызық, сонысымен драматургтер мен режиссерлерге тартымды. Бірақ оның астарында ақын мен композитордың отбасылық өмірі, шығармашылық ізденіс жатқанын көпшілік ойламайды. Жәнібек Әлікен мен Бәзіл Сұлтанғазы соны аша білді.

Мұнда шығармашылық тоқырауға түскен композитордың жан дүниесі кескінделген. Оны актер Жанат Оспанов әсерлі сомдап шықты. Нурикамалмен кездескен сахнадағы Тұрдықылыш сұлулыққа ғана ғашық болған жоқ. Нурикамалдан шығармашылығы жөнінде жылы сөз, «Жүрек сыры» атты әні туралы ыстық лебіз естіді. Тіпті, осы әнін Нурикамал спектакльде шырқады да. Осы жағдай композиторға шабыт берді. Қойылымда айтылғандай, осылайша Қазығұрттың басында махаббат туды.

Ал спектакльде актриса Инабат Әбенова сомдаған Ханбибі ше? Ол жұбайына мұрагер ұл сыйлай алмағаны үшін өзін кінәлі сезініп жүреді. Тіпті, Нурикамалға (спектакльде Сағыныш Нұрхайдарова) барып, оған Тұрдықылышпен қосылуға, ұл туып беруге өтінеді. Бірақ Нурикамал арын сақтап, бұдан бас тартады. Өмірінде бір ғана махаббат болғанын, сүйгенімен қосылуға уәде байласқанда жігіт қазаға ұшырағанын айтады.

Әрине, спектакль кейіпкерлері шынайы өмірден алынған. Бірақ сипатталатын оқиғалардың бәрін шындық деп айтуға болмайды. Көркем шығарма болған соң кейбірін авторлар ойдан қосқан. Бүгінде Тұрдықылыш Ізтаев пен спектакль прототипі Нурикамал Сейітжанова өмірде жоқ болғанмен, «Нурикамал» әні оларға қойылған ескерткіш болып қалды. «Нурикамал» әні өнер ішінде өнер тудырып отырған туындыға айналғанына да бұл жайындағы спектакльдер мен көркем фильм дәлел.

# ЖЕҢІС МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛДЫ



Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай елордада «NYSANA-2025» мектеп және колледж оқушылары арасында пневматикалық мылтықтан ату бойынша аудандық және қалалық жарыстар ұйымдастырылды.

Жарыс «Batyrlar» әскери-патриоттық орталығының аумағында өткізіледі.

Іс-шараның мақсаты – өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру, Ұлы Жеңіс туралы естеліктерді, салауатты өмір салтын насихаттау.

«Біздің жарыс екі кезең бойынша өтеді. Бүгін – пневматикалық мылтықтан атуға Сарайшық ауданының мектеп оқушылары қатысып жатыр. Әр мектептен төрт адамнан тұратын команда – екі жас жігіт пен екі қыз қатысып жатыр. Аудандық жарыстардың жеңімпаздары қалалық деңгейде өнер көрсетеді. Бұл – өте қызықты турнир, оған балалар бір жыл бойы дайындалды, олардың арасында нағыз чемпиондар бар» деп атап өтті «Өркен» орталығының әскери-патриоттық тәрбие бөлімінің меңгерушісі Данияр Теміртасов.

# АСАНӘЛІ СҰРМЕРГЕН АТАНДЫ

Астана қаласында шайбалы хоккейден 2011 жылғы жасөспірімдер арасында халықаралық «UTLCIceCUP 2025» турнирі мәресіне жетті.

Биыл бесінші мәрте жалауын желбіреткен турнирге елордалық «Барыс», Ресейдің «Локомотив» (Ярославль), «СКА академиясы» (Санкт-Петербор), «Авангард» (Омбы), Беларусьтің «Динамо» (Минск), Қытайдың «BeijingGLC» (Бейжің) командалары келді.

Елордалық «Барыс» өрендері үшінші ойын сайыста «СКА академиясы» (Санкт-Петербор) клубымен кездесті. Ойын барысында ресейлік клубтан Вадим Кирюханцев 14-минутта мергендік танытты. Оған астаналық командадан Мухаммад Бекболов 15, 19-минутта екі голмен жауап берді. Кездесу барысында «Барыс» қақпашысы Асанәли Жанғозин 25 соққыны қайтарып, жақсы көрсеткішімен көзге түсті. Осылайша елордалық жас хоккейшілер қарсыласынан 2:1 есебімен басым түсіп, турнирдің қола жүлдегері атанды.

Бұл матчта Даниил Копысов және Руслан Палаев ойынның үздігі болды. Финалда Ресейдің «Локомотив» (Ярославль) және «Авангард» (Омбы) клубтары шеберлік байқасты. Аталған кездесуде омбылық хоккейшілер 11:4 есебімен жеңіске жетіп, турнирдің чемпионы атанды.



www.astana-akshamy.kz

**Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.**

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

**Тапсырыс №45**

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

**Редакция мекенжайы:** 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

**Va-reklama@mail.ru**
**aqsham1990@mail.ru**

Кезекші редактор – **Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**